



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**№1 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ТУРАЛЫ**

«Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 652 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 шілдедегі № 583 қаулысы туралы

2015 жылғы 05 тамыз

Алматы қ.

2015 жылғы 24 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 652 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» қаулы (бұдан әрі - Қаулы) қабылдады.

Қаулы «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8 және 17-баптарына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен енгізілген түзетулерге сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Қаулы персонал санаттарын алып тастауды, сондай-ақ филиалды экономикалық қызмет түріне жатқызу жөнінде талап белгілеуді болжайды.

Қаулының қабылдануына байланысты әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдар болжанбайды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz